



2024

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

«Хабар» Агенттігі» Акционерлік қоғамының
қызметі туралы

«Хабар» Агенттігі» АҚ


2025



Мазмұны

2024 жылғы жылдық есеп

Басшылық үндеуі	03
Агенттік туралы	04
Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері	08
Аудитордың қорытындысы және қаржылық есептілік	14
Корпоративтік басқару	15
Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі	22
Тұрақты даму	24
2025 жылға арналған мақсаттар мен жоспарлар	25



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

КЕМЕЛБЕК БАҚТЫҒҰЛҰЛЫ ОЙШЫБАЕВ
«Хабар» Агенттігі» АҚ Басқарма төрағасы

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының 2024 жылғы қызметі туралы жылдық есепті ұсынамыз.

2024 жылы Агенттік телеарналарының басты назарында мемлекетті дамыту, оның экономикасын жаңғырту, өнеркәсіп пен инвестициялық әлеуетті дамыту, қоғамдық сананы трансформациялау және қазақстандық бірегейлікті нығайту мәселелері болды.

Агенттік жоспарлы маңызы бар, сондай-ақ өндірістік-экономикалық жағдайлардың түбегейлі өзгеруі аясында туындаған өндірістік мақсаттар мен міндеттердің барлық кешенін іске асырды.

2024 жылы Агенттік жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтап, ұзақ мерзімді дамудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізді.



«ХАБАР» АГЕНТТІГІ» АҚ ҮШ АРНАЛЫ ҮЛКЕН ТЕЛЕОТАУ



Қоғамдық-саяси
арна

20 сағат



Тәулік бойғы
ақпараттық арна

24 сағат



Жастар-ағарту
арнасы

24 сағат

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ ХАБАР ТАРАТУ

ҚР АУМАҒЫН 100% ҚАМТУ



«ХАБАР» ӘЛЕМДЕ



АГЕНТТІКТІҢ ТІЛШІЛЕР ПУНКТТЕРІ ӘЛЕМНІҢ ТҮРЛІ
МЕГАПОЛИСТЕРІНДЕ ҰСЫНЫЛҒАН

СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛІГІ



АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ ХАБАР ТАРАТУ ОДАҒЫНЫҢ
МҮШЕСІ



ЕУРОПАЛЫҚ ХАБАР ТАРАТУ ОДАҒЫНЫҢ
ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН МҮШЕСІ

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

6 512 653

акциялар саны

1 000


теңге – бір акцияның номиналды құны

Агенттіктің жалғыз құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысына сәйкес республикалық меншіктегі Агенттіктің акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне берілді.

Агенттіктің мемлекеттік меншіктегі акцияларының мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға тиесілі.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Агенттік акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретіндегі мемлекеттің мүдделерін білдіреді.



Агенттіктің 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы

Жалғыз акционердің 2022 жылғы 13 мамырдағы № 148 бұйрығымен бекітілген

Агенттіктің миссиясы мен пайымына қол жеткізу желілік емес аудиторияны шоғырландыру, барлық тарату орталарында коммерциялық тиімділіктің өсуі арқылы қамтамасыз етілген.

Көрсеткіш	жоспар	факт
Телеқаралымның жиынтық үлесі, %	8,4	5,3
YouTube-тегі қаралымдардың жалпы санының өсуі, млн. қаралымдар	610	566,9
Коммерциялық кірістерді ұлғайту, %	7,5	5,23
Цифрлық трансформациядан түскен коммерциялық кірістердің ұлғаюы, млн. теңгеде	58	65,7



Агенттіктің миссиясы

ақпараттық кеңістікте отандық аудитория үшін бағдар болып қала отырып, үздік ақпараттық, танымдық және ойын-сауық контентіне әртараптандырылған қолжетімділікті ұсынатын жетекші медиа-компания болу.



Пайымы

дәстүрлі телевизиялық хабар тарату және медиа-контентті таратудың кросс-платформалық арналары арқылы мемлекет пен қоғамның тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін трансмедиялық контент-провайдер.



Агенттіктің құндылықтары

бұл тарату ортасына қарамастан, Агенттіктің медиа-контентін құрайтын және тұтынатын адамдар.



Агенттіктің мақсаты

- 1) Телевизиялық аудитория арасындағы үлесті арттыру;
- 2) Желілік емес аудиторияны шоғырландыру;
- 3) Барлық таралу орталарында коммерциялық тиімділікті арттыру.

Агенттік туралы

Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай

Жарнаманы тарату құралдарындағы оның жиынтық көлемі
Дереккөз: Орталық Азия жарнама қауымдастығы

Медиа-арналар	2022	2023	2024	24/23,%
Теледидар	35,2	40,2	41,4	3
Интернет	34,4	53,8	69,5	29
Сыртқы жарнама	10,9	14,7	19,8	35
Радио	3,7	3,8	3,5	-9
Баспасөз	1,1	1,0	1,0	0
Барлығы	85,4	113,4	135,2	19



2024 жылғы аудиториялық көрсеткіштер

Дереккөз: «K Research Central Asia» ЖШС
[бұрынғы TNS Central Asia]

№	Телеарна	Үлесі, %
1	Первый канал «Евразия»	18,8
2	КТК	11,5
3	QAZAQSTAN	10,3
4	НТК	9,3
5	АСТАНА	8,4
6	31 КАНАЛ	7,5
7	СЕДЬМОЙ КАНАЛ	6,8
8	BALAPAN	4,1
9	QAZSPORT	3,6
10	ХАБАР	3,0
11	ALMATY TV	2,3
12	JIBEK JOLY	1,7
13	24KZ	1,2
14	EL ARNA	1,1
15	ATAMEKEN BUSINESS	0,3

Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

2024 жылға арналған даму жоспарының 4 қосымшасының түйінді көрсеткіштері

Белгіленген 14 көрсеткіштің 13-і орындалды: олардың ішінде 4 түпкілікті көрсеткіштің барлығы (4/4), 1 тікелей көрсеткіш (1/1) және 9 сапа көрсеткішінің 8-і (8/9).

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2024 (жоспар)	2024 (факт)	факт/жоспар, %
Телеарналарды таратудың жалпы кестесіндегі өз өндірісінің өнім үлесі (түпкілікті көрсеткіш)	%	66	68,64	104
Қазақстан Республикасының аумағында «Хабар» телеарнасы: SD форматында цифрлық эфирлік телевизиялық хабар тарату желісінде телеарнаны таратумен халықты қамтуды қамтамасыз ету (түпкілікті көрсеткіш)	%	8,14	8,14	100
Республикасының аумағында «24KZ» және «El arna» телеарналары: SD форматында цифрлық эфирлік телевизиялық хабар тарату желісінде телеарнаны таратумен халықты қамтуды қамтамасыз ету (түпкілікті көрсеткіш)	%	93,14	93,14	100
Халықты Қазақстан Республикасының аумағында HD форматтағы цифрлық эфирлік телевизиялық хабар тарату желісінде «Хабар» телеарнасымен қамтуды қамтамасыз ету (түпкілікті көрсеткіш)	%	85	85	100
Телевизиялық өнімді өндіру және тарату жөніндегі қызметтер көлемі (тікелей көрсеткіш)	сағат	24 776	24 776	100

Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

2024 жылға арналған даму жоспарының 4 қосымшасының түйінді көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2024 (жоспар)	2024 (факт)	факт/жоспар, %
Алдыңғы жылмен салыстырғанда коммерциялық кірістердің ұлғаюы (өзара есеп айырысу операцияларын есепке алмағанда), кемінде (сапа көрсеткіші)	%	5	5,10	102
youtube.com бейнесервисінде «Хабар» Агенттігі» АҚ контентінің жалпы саны (сапа көрсеткіші)	қаралымдар	550 000 000	566 905 932	103
Атқарушы органдардағы әйелдердің үлесі (сапа көрсеткіші)	%	25	25	100
Директорлар кеңесіндегі әйелдердің үлесі (сапа көрсеткіші)	%	14,29	14,29	100
«Хабар» Агенттігі» АҚ құрылымдық бөлімшелеріндегі басшы әйелдердің үлесі (сапа көрсеткіші)	%	30	50	167

Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

2024 жылға арналған даму жоспарының 4 қосымшасының түйінді көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2024 (жоспар)	2024 (факт)	факт/жоспар, %
Өлшенетін отандық телеарналар арасындағы аудитория үлесі бойынша «Хабар» телеарнасының орны (сапа көрсеткіші)	орын	9	10	90
Өлшенетін отандық телеарналар арасындағы аудитория үлесі бойынша «24KZ» телеарнасының орны (сапа көрсеткіші)	орын	13	13	100
Өлшенетін отандық телеарналар арасындағы аудитория үлесі бойынша «El Arna» телеарнасының орны (сапа көрсеткіші)	орын	15	14	107
«Хабар» Агенттігі» АҚ әлеуметтік желілеріне оқырмандардың жиынтық саны (сапа көрсеткіші)	оқырмандар	2 370 000	2 423 736	102



Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

Қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері

Тұтастай алғанда, 2024 жылғы шаруашылық қызметтен алынған нәтиже Агенттіктің тұрақты қаржылық жағдайын көрсетеді. Агенттік қызметінің нәтижесінің негізгі көрсеткіші – алынған пайда болып табылады. 2024 жылы пайда көрсеткіші 79 844 мың теңгені құрады. 2024 жылы кірістер 2023 жылмен салыстырғанда 20 057 103 мың теңгеден 22 938 512 мың теңгеге дейін ұлғайды. 2024 жылы Агенттіктің әкімшілік шығыстарының үлесі жалпы шығындар сомасының 3,3%-ын құрады. 2024 жылы Агенттіктің активтері 13 632 960 мың теңгені құрады.

Баптың атауы	2024 (мың теңге)
Кірістер	22 938 512
Шығыстар	22 858 668
Таза пайда	79 844

Қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері

Баптың атауы

2024 мың теңге

2023 мың теңге

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы

Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы	25 216 107	21 962 401
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	-20 313 853	-17 485 920
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	4 902 254	4 476 481

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы

Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы	31 897	12 546
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	-2 541 418	-4 115 729
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	-2 509 521	-4 103 183

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы

Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы	-	-
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	-78 633	-47 475
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	-78 633	-47 475
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	- 16 173	- 4 901
Есепті кезеңдегі валюталық қаражаттың жалпы өзгерісі	2 314 101	325 823
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	1 500 001	1 179 079
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	3 797 929	1 500 001

Қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері

Баптың атауы	2024 мың теңге	2023 мың теңге
Активтер		
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	6 143 035	3 337 178
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	7 489 925	7 675 902
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	13 632 960	11 013 080
Міндеттеме және капитал		
Капитал жиыны	9 705 364	9 635 783
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	3 837 064	1 287 887
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны	90 532	89 410
Міндеттемелер жиынтығы	3 927 596	1 377 297
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	13 632 960	11 013 080

Агенттіктің 2024 жылғы қаржылық есептілігінің толық нұсқасы Агенттіктің ресми сайтында орналастырылған

Аудитордың қорытындысы

«StarAudit» ЖШС компаниясы Агенттіктің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен тұратын жылдық қаржылық есептілігіне, кірістер мен шығыстар туралы есепке, капиталдағы өзгерістер туралы есепке және көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілік ескертпелерге аудит жүргізілді.

Аудиторлық компанияның қорытындысы бойынша жылдық қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік нысандарына сәйкес, Агенттіктің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайының барлық маңызды аспектілерін, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысын нақты көрсетеді.

Жылдық қаржылық есептілік

2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілік «2024 жылғы жылдық қаржылық есептілікті, 2024 жылғы таза табысты бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының бір жай акциясына есептелген дивидендтер мөлшерін бекіту туралы» ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігінің **2024 жылғы 9 маусымдағы № 265-НҚ бұйрығымен бекітілген.**

Агенттіктің 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі Агенттіктің **ресми сайтында орналастырылған.**

Агенттіктің жылдық қаржылық есептілігі барлық маңызды аспектілерде сенімді және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Агенттіктің қаржылық жағдайын көрсетеді.

Корпоративтік басқару құрылымы



- Агенттіктің корпоративтік басқару жүйесі Агенттіктің қызметін басқаруды, бақылауды және Жалғыз акционердің мүддесі үшін Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма, өзге де мүдделі тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастарды қамтиды.
- Агенттіктің корпоративтік басқаруы корпоративтік басқару Кодексінде көрсетілген әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретіндегі мемлекеттің мүдделерін білдіреді және Агенттіктің жалғыз акционері болып табылады.

АГЕНТТІКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Агенттіктің басқару органы болып табылады, Агенттіктің қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асыратын жалғыз акционерге есеп береді.

Агенттіктің Директорлар Кеңесі жеті директордан тұрады. Директорлар кеңесінің мүшелерін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жалғыз акционер сайлайды.

2024 ЖЫЛЫ АГЕНТТІКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Қазақстан Республикасы
Президентінің кеңесшісі –
Баспасөз хатшысы
Берік Уали



ҚР ҚМ ММЖК Төрағасы
Төшенев Бақытбек
Хакімұлы



ҚР МАМ Вице-министрі
Ысқақов Қанат
Жұмабайұлы



«Хабар» Агенттігі» АҚ
Басқарма төрағасы
Ойшыбаев Кемелбек
Бақтығұлұлы



Тәуелсіз директор
Игісінов Ерлан
Құсманұлы



Тәуелсіз директор
Ичие Ишакава



Тәуелсіз директор
Загоскина Зинаида
Петровна

Агенттіктің Директорлар кеңесі туралы ереженің 4-бөлімінің 14-тармағына сәйкес Агенттіктің акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы мүмкін. Мұндай адамдардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауға тиіс.

Агенттіктің Директорлар кеңесінің мүшелерін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Жалғыз акционер сайлайды (тағайындайды).

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Тәуелсіз директорлыққа кандидатураларды таңдау кезінде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 1-бабының 20-тармақшасы басшылыққа алынды, оған сәйкес Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, егер ол:

- Сайлау кезінде Агенттіктің аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде (Агенттіктің тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса. Егер Агенттіктің аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болмаса. Агенттіктің немесе Агенттіктің аффилиирленген тұлғаларының лауазымды тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты болмаса және оның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болмаса;
- Егер ол мемлекеттік қызметкер болмаса;
- Акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмаса және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болмаса;
- Агенттіктің аудитору болып табылмаса және ол директорлар Кеңесіне сайланғанға дейін 3 жыл бойы аудитор болмаған болса, Агенттіктің аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде аудитке қатыспаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі 3 жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаса.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Комитеттер Агенттіктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады және олардың барлық шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар болып табылады. Комитеттердің жұмысы объективті, салмақты ұсыныстарды әзірлеуге ықпал етеді және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Комитеттердің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен мол тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ

барлығы

5

отырыс
өткізілді

барлығы

12

отырыс
өткізілдіАгенттіктің Директорлар
кеңесінің отырыстарына

сұрақ қойылды

- Е.Қ. Игісінов - тәуелсіз директор, комитет төрайымы
- Қ. Ж. Ысқақов - ҚР мәдениет және ақпарат вице-министрі, комитет мүшесі
- И. Ишикава - тәуелсіз директор, комитет мүшесі

АУДИТ КОМИТЕТІ


барлығы

11

отырыс
өткізілді


барлығы

34

отырыс
өткізілдіАгенттіктің Директорлар
кеңесінің отырыстарына

сұрақ қойылды

- З. П. Загоскина - тәуелсіз директор, комитет төрайымы
- Е.Қ. Игісінов - тәуелсіз директор, комитет мүшесі
- И. Ишикава - тәуелсіз директор, комитет мүшесі



АГЕНТТІК БАСҚАРМАСЫ

Агенттік Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау, жауапкершілік, тиімділік, адалдық, парасаттылық қағидаттары негізінде құрылады.

Басқарма күнделікті қызметінде шешім қабылдаудың тиімділігін, Агенттік жұмысының өнімділігін арттыруды, жедел әрекет етуді және ұйымдық икемділікті қамтамасыз етуге бағытталған Агенттіктің оңтайлы ұйымдық құрылымын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2024 жыл ішінде
Басқарманың

45

отырысы өткізілді



112 МӘСЕЛЕ
қаралды

2024 жылы барлығы 45 Басқарма отырысы өткізілді. Басқарма отырыстарында Агенттік қызметін ұйымдастыруға қатысты 112 мәселе, оның ішінде Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын мәмілелер бойынша, оларды қабылдау қажеттілігі Агенттік қызметін қамтамасыз етуге байланысты, Агенттік қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту, ағымдағы қызметке қатысты мәселелер және өзге де мәселелер қаралды.

2024 жылы Агенттікте корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылды. 2024 жыл ішінде Корпоративтік этика кодексінде бекітілген корпоративтік және іскерлік этика стандарттары бұзылмағанын атап өту қажет. Сондай-ақ, 2024 жылы қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері тіркелген жоқ.

АГЕНТТІК БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ



Басқарма Төрағасы К.Б. Ойшыбаев 2024 жылы Агенттіктің қазіргі қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырды, жоғары тұрған органдардың, жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындауды ұйымдастырды, Агенттіктің ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етті, Агенттіктің даму стратегиясының іске асырылуын қамтамасыз етті, Агенттіктің республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындау жөніндегі жұмысын ұйымдастырып, Агенттікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға дербес жауапты болды және т.б.



Басқарма мүшесі Л.О. Жүнісова 2024 жылы қаржы-жоспарлау департаментінің, әкімшілік дирекцияның, тәуекел-менеджердің, техникалық дирекцияның, тарифтік саясат, сатып алуды, құжаттандыру, корпоративтік басқару және коммерциялық дирекция жұмысына жетекшілік етіп, үйлестірді. Сондай-ақ, ол өзінің құзыретіне жататын тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша бақылауды жүзеге асырды.



Басқарма мүшесі Д.С. Менілбеков 2024 жылы «Хабар», «24KZ» телеарналарының, Өңірлік хабар тарату желісі департаментінің, Агенттіктің Алматы филиалының қызметіне жетекшілік етіп, үйлестіру жұмыстарын жүргізді. Ол телеарналар тарапынан республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуын қамтамасыз етті, сондай-ақ өзінің құзыретіне кіретін құрылымдық бөлімшелердің тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыруы мен өткізуіне бақылау жасады.



Басқарма мүшесі Д.Ж. Жиенқұлов 2024 жылы «El arna» телеарнасының, интернет жобалар дирекциясының, эфирлік саясат, дизайн және телевизиялық графика департаменттерінің қызметіне жетекшілік етіп, үйлестіру жұмыстарын жүргізді. Ол телеарналар тарапынан республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі мемлекеттік тапсырманың орындалуын қамтамасыз етті, сондай-ақ өзінің құзыретіне кіретін құрылымдық бөлімшелердің тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыруы мен өткізуіне бақылау жасады.



Лауазымды тұлғаларға сыйақы беру

- Агенттіктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу тәртібі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Агенттіктің басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары туралы Ережемен реттеледі. Бұл ретте, Қағидаларға сәйкес сыйақы төлеу аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін қаржы жылының нәтижелері бойынша жүргізіледі. Агенттіктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеуге құқық беретін негізгі көрсеткіштер есепті кезеңдегі жұмыс нәтижелері, Агенттіктің қызметіне қосқан үлесі, ерекше жетістіктері болып табылады, оның ішінде Агенттіктің Жалғыз акционер жүргізген қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері ескеріледі.
- Сонымен бірге, Агенттіктің Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес, мемлекеттік қызметші болып табылатын және өз өкілеттігін лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыратын Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Директорлар кеңесінің отырысы ҚР басқа қаласында өткізілгендегі жол жүру және тұру ақысын төлеуге байланысты өтемақыларды қоспағанда, Агенттіктің Жарғысында және Агенттіктің өзге де ішкі құжаттарында көзделген сыйақылар мен өтемақылар төленбейді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті төрағасының 2012 жылғы 4 қыркүйектегі № 143 бұйрығымен бекітілген Агенттік Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына сәйкес, 2024 жылдың барлық кезеңінде тәуелсіз директорларға сыйақы Директорлар кеңесінің отырыстарының өткізілу күніне байланысты тұрақты түрде төленіп отырды. Сыйақы төлеу ҚР Ұлттық Банкінің төлем күнгі бағамы бойынша АҚШ долларымен (USD) жүргізілген тәуелсіз директор Ичие Ишакаваны қоспағанда, барлық төлемдер ұлттық валютада жүргізілді.

Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі

Агенттіктің тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) келесі қағидаттарға негізделеді:

процестің үздіксіздігі

Агенттікте тәуекелдерді айқындау және бағалау үдерісі тұрақты негізде жүзеге асырылады

процестің кешенділігі

бүкіл Агенттіктің қызметіне жүзеге асырылады және басқарудың барлық деңгейлерінде Агенттіктің барлық бизнес-процестеріне қолданылады

хабардар болу

объективті, шынайы және өзекті ақпарат негізінде негізделеді

экономикалық орындылық

ықтимал шығын немесе жіберіп алған пайданың және тәуекелдерді азайтуға жұмсалатын шығындардың салыстырмалылығы

жүйелілік

қызметтің барлық түйінді салалары бойынша, Агенттікті басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады

өзара іс-қимыл және мамандандыру

тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру

тұтастығы

ашықтығы

циклділігі

Агенттіктегі тәуекелдерді басқару - бұл үздіксіз және тұрақты үдеріс, ол барлық басқару деңгейлері мен қызмет бағыттарын қамтиды. Бұл үдерісте Агенттіктің барлық басқару органдары, құрылымдық бөлімшелері және қызметкерлері қатысады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін Агенттікте құзыреттілік деңгейлері анықталған. Оған келесі тараптар қатысады: Агенттіктің Жалғыз акционері, Агенттік Директорлар кеңесі, аудит комитеті, Агенттік Басқармасы, тәуекелдер жөніндегі комитет, тәуекел-менеджер, ішкі аудит қызметі, Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері (тәуекел иелері). Агенттіктегі тәуекелдерді басқару жүйесі ақпарат ағынын тік және көлденең бағыттарда қамтамасыз етеді.

Тік бағыттағы ақпараттық ағындарды ұйымдастыру Агенттіктің Жалғыз акционерін, Директорлар кеңесі, Басқармасының ағымдағы қызмет туралы, қызмет барысында туындайтын тәуекелдер, олардың бағалануы, бақылау шаралары, тәуекелдерге ден қою әдістері және оларды басқару деңгейі жөнінде мәліметтермен қамтамасыз етеді. Өз кезегінде, тәуекел иелері болып табылатын құрылымдық бөлімшелер Агенттіктің стратегиялық мақсаттары мен қойылған міндеттері туралы толыққанды ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесі сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер арасындағы көлденең ақпарат алмасуды көздейді, бұл үдеріс тәуекел-менеджердің үйлестіруімен жүзеге асырылады.

Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі

Агенттікте тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, тәуекел мәдениетін дамыту, сондай-ақ үздік практикаларды енгізу шеңберінде бірқатар негізгі іс-шаралар өткізілді:

- 2024 жылғы 28 тамыздағы № 5 Агенттік Директорлар кеңесінің шешімімен 2024 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен картасы бекітілді, онда негізгі тәуекел көрсеткіштері мен тәуекелдердің алдын алу шаралары қайта қаралды. Тәуекелдерді басқару бойынша мониторинг және бақылау үдерісі тұрақты түрде жүргізіледі.
- Атқарушы орган мен Директорлар кеңесіне ұсынылуы үшін тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер, тәуекелдердің сипаттамасы мен талдауы, сондай-ақ тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарлардың орындалуы туралы мәліметтер қамтылған.
- Агенттіктің уақытша бос ақша қаражатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне орналастыру бойынша лимиттер бекітілді.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі қолданыстағы саясатқа сәйкес Агенттікте тәуекелдердің мынадай жіктемесі (тәуекелдердің түрлері) қабылданды:

- | | |
|----------|---------------------------------|
| 1 | стратегиялық тәуекелдер; |
| 2 | қаржылық тәуекелдер; |
| 3 | операциялық тәуекелдер; |
| 4 | құқықтық тәуекелдер; |
| 5 | техникалық тәуекелдер; |
| 6 | бедел тәуекелдер. |

Агенттікте 2024 жылы тәуекел-тәбет әзірленіп, бекітілді. Тәуекел тәбет – бұл Агенттік өзіне жүктеген стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу барысында қабылдай алатын тәуекел деңгейін сипаттайды, сондай-ақ Агенттік қабылдауға дайын дағдарысты тәуекелдер мен тәуекел-факторлар деңгейінің жоғарғы шегін айқындайды. Тәуекел тәбеттің сандық көрсеткіштерімен қатар Агенттікте сапалық көрсеткіштер де қолданылады.



Тұрақты даму

- 2023 жылғы 03 қазанда Агенттік БҰҰ Жаһандық шартына қосылған Қазақстандағы алғашқы және жалғыз медиа агенттік болды.

2000 жылғы шілдеде бастамашылық жасалған жаһандық шарт бір мезгілде орнықты даму идеясы мен бизнес ортадағы жауапты қатынастар практикасын ұстанатын компаниялардың қызметі үшін саяси тұғырнама мен практикалық негіз болып табылады.

Қазіргі таңда БҰҰ-ның Жаһандық шарты әлемнің 167 елінен 20 мыңнан астам жауапты компанияны біріктіреді. Орталық Азиядағы Жаһандық шарт желісі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан 90-ға жуық қатысушыны қамтиды.

Ұйымға қосылу үшін БҰҰ Бас хатшысына ресми хат жолданды, оған сәйкес Агенттік адам құқықтарын сақтау және бизнесті, қатысу өңірлерінің, қоғамның неғұрлым әділ, экологиялық таза, инклюзивті дамуына жәрдемдесу бойынша өзіне алған міндеттемелерін жария мойындайды.

- БҰҰ-ның Жаһандық шарты компанияларға өз стратегиялары мен операцияларын адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және т.б. саладағы 10 негізгі қағидатқа сәйкес келтіре отырып, бизнесті жауапкершілікпен жүргізуге көмектеседі.

Осылайша, ол қаржылық көрсеткіштерді арттыруға емес, сонымен қатар тұрақты даму қағидаттарын кеңінен қолданатын жаңа типтегі компаниялардың тобына кіреді, бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді кезінде компанияның құнын арттырып, оның қаржылық нәтижелерін жақсартатын болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартына қатысу қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік даму саласындағы саясат пен практиканы әзірлеу және іске асыру үшін бүкіл әлемде танылған тұжырымдамалық негіздерді пайдалану, жалпы проблемалардың практикалық шешімдерін табуға және оларға стратегиялық тәсілдерді әзірлеуге бағытталған неғұрлым табысты және жаңа әдістемелермен алмасу сияқты бірқатар практикалық артықшылықтарды туындатады.

Агенттіктің 2025 жылға арналған стратегиялық мақсаттары

- Телевизиялық аудитория арасындағы үлестің өсуі;
- Желілік емес аудиторияны шоғырландару;
- Барлық тарату ортасында коммерциялық тиімділіктің өсуі.

МЫНАДАЙ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Телеқаралымның жиынтық үлесі, %	9,3
YouTube-тегі қаралымдардың жалпы санының өсуі, млн. қаралымдар	640
Коммерциялық кірістерді ұлғайту (жарнамалық-ақпараттық материалдарды орналастыру, тапсырыс контентін өндіру, техникалық қызметтерді сату), алдыңғы кезеңге % - бен	7,5
Цифрлық трансформациядан түскен коммерциялық кірістердің ұлғаюы, млн. теңгеде	67